**Тауарлардың заттаңбаларына (этикеткаларына) мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат енгізу жөніндегі талаптар туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 тамыздағы N 1274 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы N 2071 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.10* N 2071 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 3-т*. қараңыз) Қаулысымен.*

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және республикаға импортталатын тауарлардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген стандарттар мен өзге де талаптарға сай келуін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылдың 1 сәуірінен бастап осы қаулыға қосымшада көрсетілген тауарларды тауар заттаңбаларында (этикеткаларында, бумаларында, нұсқаулықтарында ж. т.б.) мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпаратты болуынсыз Қазақстан Республикасының аумағында сатуға тиым салынсын:

1) тауардың атауы мен шыққан елі туралы;

2) дайындаушы туралы, дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі туралы;

3) сақтау жағдайлары туралы, қолдану тәсілі мен тағамдық құндылығы туралы ақпараттары болмаса, республика аумағында сатуға тиым салынсын.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген стандарттар мен өзге де талаптарға сай болуы тиіс.

Тауар туралы жоғарыда көрсетілген ақпараттың болуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының аумағына еркін айналымға шығару үшін тауар өндіретін немесе оны әкелуді жүзеге асыратын тұлға жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасына тауар жеткізіліміне арналып жасалған келісімшарттар (шарттар) осы тармақтың талаптарын қамтамасыз етілуді көздейтін ережелерді қамтуы тиіс.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24* N 121 *Қаулысымен.*

2. *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.01.24* N 121 *Қаулысымен.*

3. *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.08.19* N 760 *Қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне:

1) тауарларды сату кезінде сәйкестік сертификаттарының болуын бақылауды

күшейтсін;

2) тауарларды сатудың белгіленген тәртібінің бұзылуына кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қолдансын;

3) осы қаулының талаптарына сай келмейтін және сертификаттауға ұсынылған тауарларды есепке алу жөніндегі деректердің банкін жасасын және мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдар сұраған кезде аталған банктегі ақпараттармен қамтамасыз етсін;

4) өз құзыретінің шегінде осы қаулының орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.08.19* N 760 *Қаулысымен.*

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 523 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 16, 170-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 44 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 тамыздағы N 1274 қаулысына қосымша

*ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.01.11* N 44*, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.08.19* N 760 *Қаулыларымен.*

**Тауарлардың заттаңбаларына (этикеткаларына)* мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат енгізу жөніндегі талаптар қойылатын импортталатын тауарлардың тізбесі**

| СЭҚ ТН коды | Өнімнің атауы |
| --- | --- |
| 0207 | 0105 тауарлық позициясында көрсетілген жаңа сойылған, суытылған немесе мұздатылған Үй құсының еті және тамақтық қосымша өнімдері |
| 04 (040110900 0, | Сүт өнімі; құс жұмыртқасы; табиғи бал; малдан алынған тамақ өнімдері, нетто-көлемі 2 л. артық |

040120190 0, орам. дағыдан басқа
0 4 0 1 2 0 9 9 0 0 ,
0 4 0 1 3 0 1 9 0 0 ,
0 4 0 1 3 0 3 9 0 0 ,
0 4 0 1 3 0 9 9 0 0 ,
0 4 0 2 1 0 9 9 0 ,
0 4 0 2 9 1 1 9 0 ,
0 4 0 2 9 1 3 9 0 ,
0 4 0 2 9 1 5 9 0 ,
0 4 0 2 9 1 9 9 0 ,
0 4 0 2 9 9 1 9 0 ,
0 4 0 2 9 9 3 9 0 ,
040299990,
0 4 0 4 ,
0 4 0 7 0 0 1 1 0 0 ,
0 4 0 7 0 0 1 9 0 0 ,
0 4 0 8 , 0 4 1 0
-нан басқа)

0711 Қысқа мерзімді сақтау үшін қалбырланған, кептірілген, бүтін және басқа көкөністер

0902 Шай

110100-1103, 1108 Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдері; крахмал; инулин

150100, 150200, 1507, 1508 1509, 1512, Тоңмайлар және жануар немесе өсімдік майлары және олардан алынған өнімдер; дайын тағамдық майлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған балауыздар, өнеркәсіптік қолданудан басқа

1 5 1 6 1 0 1 0 0 ,
1 5 1 6 2 0 9 1 0
( 1 5 0 1 0 0 1 1 0 0 ,
1 5 0 2 0 0 1 0 0 0 ,
1 5 0 7 1 0 1 0 0 0 ,
1 5 0 7 9 0 1 0 0 0 ,
1 5 0 8 1 0 1 0 0 0 ,
1 5 0 8 9 0 1 0 0 0 ,
1 5 1 2 1 1 1 0 0 0 ,
151219100 0,

1 5 1 2 2 1 ,
1 5 1 2 2 9 - д а н
басқа)

| | |
|---|---|
| 16 (160300, -тен басқа) | Еттен, балықтан немесе шаян тәрізділерден, моллюскалардан немесе өзге де су омыртқасыздары-нан жасалған дайын өнімдер, олардың экстракттары мен соктарынан басқа |
| 170199100, 1704 | Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер |
| 1806 (180620950-ден басқа) | Какао қосылған шоколад және өзге де дайын тамақ өнімдері |
| 19 (190300000 0, 190190110 0, 190190190, 190190910 0, | Астық дақылдарының дәнінен, ұннан, крахмалдан немесе сүттен алынған өнімдер; ұн-кондитерлік өнімдер, крахмалдан жасалған тапиоктен және оны алмастырғыштардан басқа |
| 20 (200891 990 0-нан басқа) | Көкөністердің, жемістердің (жидектердің), жаңғақтардың немесе өзге де өсімдік бөліктерінің өңделген өнімдері |
| 21 (2101, 2102101000, 2103903000, 2106108000, 2106909800-нен басқа) | Әртүрлі тамақ өнімдері, экстракттардан, эссенциялар мән концентраттардан басқа |
| 2201-2203, 220860 | Алкогольді және алкогольсіз сусындар |
| 230910 | Жануарларды қоректендіруге пайдаланылатын өнімдер |
| 24 (2401-ден басқа басқа) | Темекі және темекіні өнеркәсіптік алмастырғыш-тар, темекі шикізаты мен темекі қалдықтарынан |
| 25010091 | Тамаққа қолдануға жарамды тұз |
| 3208, 3209 | Бояулар мен сырлар |
| 330510000 0, 330610000 0 | Шашқа арналған бұйымдар (шампуньдар) және тіс тазалауға арналған заттар (тіс пастасы және тіс ұнтағы |

340220 Бөлшек сауда үшін бөлектеп өлшенген сырттан қолданылатын органикалық заттар

360410000 Отшашақтар

57 Кілемдер мен өзге де тоқыма еден төсеніштері

61 Машинамен немесе қолмен тоқылымнан, тоқымадан тігілген киімдер және киімдердің керек-жарақтары

62 Тоқыма киімдер және киімдердің керек-жарақтары (матадан, машинамен немесе қолмен тоқылымнан басқа)

841810800 1, Тұрмыстық тоңазытқыштар мен мұздатқыштар 841821 - 841840800 9

845011, Тұрмыстық кір жуатын машиналар 845012000 0

8508 Шаңсорғыштар

8519 30 000 0 Электрлі ойнайтын құрылғылар (декалар)

852871 Теледидарлық байланыс үшін түсті, қара-ақ және басқа да монохромды бейнелік қабылдағыш аппаратура

9503 00 Ағаш, пластмасса, электрлендірілген және металл, өзге ойыншықтар

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК